



БҰЙРЫҚ

23.04.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 95

город Астана

**Республикалық «Әбіш оқулары» байқауының
қалалық кезеңін өткізу туралы**

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 23 сәуірдегі №683 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының дарынды оқушылардың жоба жұмыстары мен конкурстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К.Баяхметова 2024 жылдың 24 сәуірінде 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Әбіш оқулары» байқауының қалалық кезеңін (бұдан әрі - Байқау) Ә.Кекілбаев атындағы Vinom school мектеп-лицейінің базасында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Байқаудың қазылар алқасы құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева